

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін тексеру парағының нысанын және тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 11 маусымдағы № 208 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 маусымда № 8506 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 25 тамыздағы № 1302 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 25.08.2018 № 1302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 15-баптарына, "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін тексеру парағының нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметінің тәуекел дәрежелерін бағалау өлшемдері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін оны ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Б. Имашев

Нысан

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын
ұйымдардың қызметін тексеру парағы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Тексеруді жүзеге асырушы лауазымды адамдардың Т.А.Ә. _____

_____ Ұйымның атауы _____

_____ БСН _____

№	Талаптардың тізілімі	Иә	Жок
1	Ұйым жарғысының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңға сәйкестілігі		
2	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға авторлардың, орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың құқықтарын басқаруға өкілеттік беру туралы шарттардың болуы		
3	Құқық иеленушілермен авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттардың болуы		
4	Жалпы жиналыстың сыйақы ставкаларын бекіту туралы шешімі		
5	Жалпы жиналыстың пайдаланушылармен авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға шарттарды жасасу талаптары туралы шешімі		
6	Жалпы жиналыстың өзіндік шығыстарды жабуға бағытталған сыйақы сомалары туралы шешімі		
7	Сыйақыны бөлу және тоқсан сайын төлеу		
8	"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңның 47-бабына сәйкес уәкілетті органға ақпарат ұсынылғанын растайтын құжаттардың болуы		
9	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен екіжақты және көпжақты келісімдердің болуы		
10	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдарға сыйақы төлеуді растайтын құжаттардың болуы		

11	Ұйымның авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды иеленушілерге олардың құқықтарын пайдалану, соның ішінде жиналған сыйақылар көлемі және одан ұстап қалған сомалар туралы мәліметтерді қамтитын есептердің болуы		
12	Құқық иеленушілер, олардың оған басқаруға берген құқықтары, сондай-ақ авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдердің болуы		
13	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның қызметі туралы пайдаланушыларды хабардар ету мақсатында Интернет-ресурсының болуы		
14	Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге де құқық иеленушінің атын қоса алғанда, өзіне басқаруға берген құқықтар туралы ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру		
15	Жергілікті жерлерде авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланған үшін сыйақыларды жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өкілдердің болуы туралы ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру		
16	Жиналған сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды, фонограмма жасаушыларды іздеу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын материалдардың болуы		
17	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ең төменгі ставкалардан төмен емес сыйақы ставкаларын қолдану		

Субъектінің тексеру парағын алғаны туралы белгі

20 ____ ж. " ____ " _____

Т.А.Ә. лауазымы (қолы)

Қазақстан Республикасының
 Әділет министрінің
 2013 жылғы 11 маусымдағы
 № 208 бұйрығына
 2-қосымша

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдері) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға (бұдан әрі - субъектілер) жоспарлы тексеріс жүргізу үшін әзірленген.

2. Осы өлшемдерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде авторлардың, сабақтас құқықтар субъектілеріне немесе құқық иеленушілердің заңды мүдделеріне нұқсан келтіру ықтималдығы;

тәуекелдерді бағалау жүйесі – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды тексеруді жоспарлау мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені;

тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері – бақылау субъектісі қызметімен тікелей байланысты, оны тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

бақылау субъектісі - "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңға сәйкес мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Субъектілер қызметінің тәуекелдерін бағалау субъектінің салдарлардың ауырлығы тұрғысынан маңыздылығы, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың салалық статистикасы, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып, келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) субъектілерді тәуекел дәрежесі бойынша бастапқы тиістілігі уәкілетті органда ұжымдық негізде басқару салаларында қызметті жүзеге асыру үшін алған аккредитация туралы және құқықтарын басқару туралы шарттарды жасасқан құқық иеленушілермен бірге осындай шарттар жасалмаған құқық иеленушілер үшін де сыйақы жинауды жүзеге асыруға құқық беретін куәліктің болуы ескеріле отырып, жүзеге асырылады;

2) субъектілердің тәуекел дәрежесі бойынша қайталама тиістілігі авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың салалық статистикасы және субъектілер қызметінің сапалық көрсеткіштеріне сәйкес тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

4. Маңыздылығы бойынша субъектілерді бөлу:

1) жоғарғы тәуекел дәрежесіне тексеру нәтижелері бойынша 15-тен 19-ға дейін бал алған субъектілер жатады;

2) орташа тәуекел дәрежесіне тексеру нәтижелері бойынша 5-тен 15-ке дейін бал алған субъектілер жатады;

3) маңызды емес тәуекел дәрежесіне тексеру нәтижелері бойынша 0-ден 5-ке дейін бал алған субъектілер жатады.

5. Субъектілердің тәуекел дәрежесі бойынша қайталама тиістілігі кезінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалаудың сапалық өлшемдеріне байланысты субъектілер қайта бөлінеді.

6. Тәуекелдер дәрежесін бағалаудың сапалық өлшемдерін қолдану мақсатында, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың салалық статистикасы деректері, тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

7. Тәуекелдер дәрежесін бағалаудың сапалық өлшемдеріне байланысты субъектілер жоғарғы, орташа немесе маңызды емес тәуекел дәрежесіне өтеді.

Сапалық өлшемдер балдармен бағаланады:

1) авторлық құқық және сабақтас құқықтар иеленушілеріне жиналған сыйақыларды бөлмеу - 3 балл;

2) Ұйым жарғысының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңға сәйкес болмауы - 3 балл;

3) лицензиялық шарттарды жасау талаптары туралы жалпы жиналыс шешімінің, сыйақы ставкаларының болмауы - 3 балл;

4) авторлық құқық және сабақтас құқықтар иеленушілеріне сыйақыларды бөлмеу және төлемеу - 3 балл;

5) уәкілетті органға есеп бермеу - 1 балл;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ең төменгі ставкалардан төмен сыйақы ставкаларын қолдану - 3 балл;

7) Жиналған сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды, фонограмма жасаушыларды іздеу жөнінде шаралар қабылдамау - 2 балл;

8) Құқық иеленушілер, олардың оған басқаруға берген құқықтары, сондай-ақ авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдердің болмауы - 2 балл;

9) Ұйымның авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды иеленушілерге олардың құқықтарын пайдалану, соның ішінде жиналған сыйақылар көлемі және одан ұстап қалған сомалар туралы мәліметтерді қамтитын есептердің болмауы - 2 балл;

10) Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның қызметі туралы пайдаланушыларды хабардар ету мақсатында Интернет-ресурсының болмауы - 2 балл;

11) Ұйымның Интернет-ресурсында авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге де құқық иеленушінің атын қоса алғанда, өзіне басқаруға берген құқықтар туралы ақпараттың болмауы - 2 балл;

12) Интернет-ресурста жергілікті жерлерде авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыларды жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өкілдердің болуы туралы ақпараттың болмауы - 1 балл.

Қайталама жоспарлы тексерулердің мерзімділігі мына тәртіпте белгіленеді:

1) жылына бір рет – тәуекел дәрежесі жоғары болғанда;

2) үш жылда бір рет – тәуекел дәрежесі орташа болғанда;

3) бес жылда бір рет - тәуекел дәрежесі маңызды емес болғанда.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК